

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ КАФЕДРАСЫ**

Бекітілді:

Оқу ісі жөнінде проректор

\_\_\_\_\_ проф. Каргин С.Т.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

**5В050800 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»  
мамандығының студенттеріне арналған  
ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Оқу нысаны: күндізгі

Курс: 2, 3

Семестр: 4, 6

Ұзақтығы: 2 апта

Қарағанды 2016

5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының бакалаврларына арналған оқу тәжірибесі бойынша әдістемелік нұсқаулар «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының отырысында қарастырылып, ұсынылды

Хаттама № \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Каф.меңгерушісі, э.ғ.к., доцент Э.Ж. Сыздыкова \_\_\_\_\_

5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының бакалаврларына арналған оқу тәжірибесі бойынша әдістемелік нұсқаулар Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ ҒӘК отырысында қарастырылып, бекітілді

Хаттама № \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Оқу тәжірибесі бойынша әдістемелік нұсқаулар 23.08.2012 ж № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына сәйкес өңделді.

Құрастырушылар:

1. Кошкарова Ардак Салимовна – Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы
2. Темірбекова Ляззат Асановна – Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы
3. Садуакасова Мархабат Берікболовна - Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы
4. Бердиходжаева Мейрамгүл Сайлауовна - Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Сын пікір берушілер:

Шакеев С.С. - э.ғ.к., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының доценті

Алиева Ж.С.- ЖШС «КРК» бас бухгалтері

## **МАЗМҰНЫ**

1. Жалпы ережелер
  - 1.1. Оқу тәжірибесінің мақсаты мен негізгі міндеттері
  - 1.2. Студенттің оқу тәжірибесінен өту нәтижесінде қалыптасатын құзырлықтары
- 2 Оқу тәжірибесіне тапсырмалар
3. Тәжірибе қорытындысын шығару
4. Ұсынылатын әдебиет
5. Қосымшалар

## **1. Жалпы ережелер**

Оқу тәжірибесі 5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының бакалаврларын дайындау бойынша оқу жоспары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Мамандық бойынша оқу тәжірибесі мамандық бойынша дағдыларын қалыптастыруға және бастапқы тәжірибелік қабілеттерін иеленуге септігін тигізеді.

### **1.1. Оқу тәжірибесінің мақсаты мен негізгі міндеттері**

Оқу тәжірибесінің мақсаты алған теориялық білімдерін бекіту мен одан әрі тереңдету, оқу тәжірибесі шегінде қаржылық есептілікті құру үшін әдістемелік нұсқауларда қарастырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттарын, есеп тіркемелерін және қаржылық есеп берудің негізгі нысандарын құру мен өңдеу бойынша тәжірибелік дағдыларын иелену, сонымен қатар мамандықтың бейініне байланысты өндірістік тәжірибеден өтуге студенттерді дайындау болып табылады.

Оқу тәжірибесінің негізгі міндеттері:

- студенттердің ақша қаражаттары мен есеп айырысу, материалдық қорлар және шаруашылық үдерістер есебі бойынша бастапқы құжаттарды құруға байланысты тәжірибелік қабілеттерін пысықтауы;

- құжаттарды бухгалтерлік өңдеу мен оларды сәйкес есеп тіркемелерінде тіркеу бойынша дағдыларын алуы;

- есеп қызметін және қаржылық есеп беруді құруды реттейтін нормативті, құқықтық актілерді талқылауға үйренуі;

- теориялық білімдерін талдамалық жұмыстарды жүргізуде және қаржылық есептілік нысандарын құруда пайдалану.

## **1.2. Студенттің оқу тәжірибесінен өту нәтижесінде қалыптасатын құзырлықтары**

Оқу тәжірибесінен өту нәтижесінде студент келесідей тәжірибелік қабілеттерін, дағдыларын, кәсіби құзырлықтарын иеленуі қажет:

### ***Білу:***

- ҚР-да бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және қаржылық есептілікті құру бойынша заңнамалық актілерді, қаулыларды, жарлықтарды, бұйрықтарды, әдістемелік және нормативтік материалдарды;
- шоттар жоспары мен корреспонденциясын, кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің нысандары мен әдістерін;
- бухгалтерлік есеп бөлімдері бойынша құжатайналымының ұйымдастырылуын;
- ҚР салықтық заңнамасын.

### ***Істей алу:***

- қойған міндеттерін шешу үшін қажетті мәліметтерді жинау, талдау және өңдеу;
- бастапқы бухгалтерлік құжаттаманы дұрыс құру және өңдеу, оны сәйкес есеп тіркемелерінде жазу үшін жүйелеу;
- шаруашылық, қаржылық және есеп айырысу операцияларын дұрыс құру;
- бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және салық салу тәртібін реттейтін заңнамалық актілердің ережелерін қолдану;
- ауызша және жазбаша сөз қозғауды логикалық дұрыс құру;
- кәсіпорынның қызметін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін мәліметтер жинау мен талдау;

- тапсырмаларды орындау және есептік-қаржылық ақпаратты өңдеу үшін техникалық құралдар мен компьютерлік техниканы қолдану.

***Иелену:***

- есептік ақпаратты жалпылау, талдау, мақсатты бекіту және оған жету жолдарын таңдау қабілетін;

- өз бетімен жұмыс істеу және өз-өзін ұйымдастыру қабілетін;

- бухгалтерлік есеп пен талдаудың әдістері мен тәсілдерін.

Оқу тәжірибесі студенттермен келесі пәндерді оқығанан кейін жүргізіледі: «Бухгалтерлік есеп негіздері», «Қаржылық есеп 1», «Аудит», «Басқарушылық есеп 1», «Экономикалық талдау».

Оқу тәжірибесі оқып зерттелген пәндердің логикалық аяқталуы болып табылады. Студент оқу тәжірибесін игеру нәтижесінде бастапқы құжаттарды құру, өңдеу бойынша, шаруашылық операцияларды есеп тіркемелерінде көрсету бойынша және қаржылық есептілік нысандарын құру бойынша дағдылары мен тәжірибелік қабілеттерін иелену ғана емес, сонымен бірге өзінің болашақ мамандығының маңызын түсіну қажет.

Тәжірибенің ұзақтығы 2 аптаны құрайды.

Студент тәжірибеден өту барысында барлық берілген тапсырмаларды толық көлемде орындауы керек. Бекітілген мерзімде оқу тәжірибесі бойынша есепті (орындалған тапсырмалар мен тәжірибе бойынша қажетті құжаттар) кафедра тарапынан тәжірибе жетекшісіне тапсыруы қажет.

## **2. Оқу тәжірибесіне тапсырмалар**

Оқу тәжірибесіне тапсырма кәсіпорын бойынша тәжірибелік материалдар негізіндегі бухгалтерлік есептен өтпелі есеп түрінде болады.

Оқу тәжірибесі бастапқы мәліметтер түрінде 1-қосымшада берілген «Шолпан» ЖШС шартты кәсіпорнының әрекеті бойынша жалпы мәліметтермен танысудан басталады.

Студент кәсіпорын туралы көрсетілген мәліметтер мен бухгалтерлік есеп бойынша білімін қолдана отырып, ұсынылған тақырыптар бойынша барлық тапсырмаларды орындау керек. Шаруашылық операцияларды тіркеу журналында жетіспейтін сомаларды анықтап, Үлгілі шоттар жоспарын қолдана отырып, барлық шаруашылық операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру керек (Қосымша 2). Шаруашылық операцияларды сәйкес үлгідегі бухгалтерлік құжаттармен және есеп тіркемелерімен рәсімдеу керек. Оқу тәжірибесінің нәтижесі қаржылық есептілік нысандарын толтыру және тәжірибе бойынша есепті дайындау болады.

### ***1 тақырып. Кассадағы, жолдағы, ағымдағы банк шоттарындағы және басқа да ақша қаражаттарының есебі***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар мен есеп тіркемелері қажет:

1. Кіріс кассалық ордер.
2. Шығыс кассалық ордер.
3. Кассирмен қабылданған және берілген ақша қаражаттары мен олардың баламаларын есепке алу кітабы
4. Кассалық кітап.
5. Төлем талабы.

*Кассадағы, жолдағы, ағымдағы банк шоттарындағы және басқа да ақша қаражаттарының есебі келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады.*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан кассадағы және ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражаттарының

қозғалысы бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Кассадағы ақшалар қозғалысы бойынша операцияларды (қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан 10, 12 операцияларын) кассалық ордерлерімен рәсімдеу. Кассирмен алынған және берілген ақша қаражаттарын және олардың баламаларын есепке алу кітабында жазылған кассалық ордерлерді тіркеу. Кассалық ордерлерді бухгалтерлік өңдеу.

3. Өңделген кассалық ордерлер мен кассадағы ақша қозғалысы бойынша жасалған шоттар корреспонденциялар негізінде Кассалық кітапқа жазулар жасау.

4. Контрагентке ақшаларды аудару бойынша төлем тапсырмасын жазу (қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан 1-ші операция).

5. Шоттар бойынша талдау-карточкаларын жасау:

- 1010 «Кассадағы ақша қаражаттары» және

- 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары».

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 4, 6, 7, 8, 9, 13, 14, 18*

## ***2 тақырып. Қорлар есебі***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар мен есеп тіркемелері қажет:

1. Қорлардың кіріс ордері.

2. Қорлар есебінің карточкасы.

3. Сенімхат.

4. Берілген сенімхаттарды есепке алу журналы

5. Қорларды сыртқа жіберу жүкқұжаты.

6. Қоймадағы қорлардың қалдығын есепке алу ведомосі.



*Қорлардың есебі келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады:*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан қорлардың (материалдардың, тауарлардың және басқа да) қозғалысы бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Жабдықтаушыдан материалдарды алуға сенімхат жазу. Берілген сенімхаттарды есепке алу журналында жазулар жасау (9-операция).

3. Қоймаға қорлардың келіп түсуін кіріс ордерімен рәсімдеу және қорларды есепке алу карточкаларына сәйкес жазулар жасау (9-операция).

4. Қорларды сыртқа жіберуге жүкқұжатты рәсімдеу (33-операция)

5. Қоймадағы қорлардың қалдығын есепке алу ведомосін жасау.

6. Шоттар бойынша талдау-карточкаларын жасау:

- 1310 «Шикізат пен материалдар»,
- 1330 «Тауарлар»,
- 1340 «Аяқталмаған өндіріс» және
- 1350 «Өзге де қорлар».

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 15, 17, 18*

### ***3 тақырып. Ұзақ мерзімді активтер есебі***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар мен есеп тіркемелері қажет:

1. Ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу-беру актісі.

2. Ұзақ мерзімді активтерді есепке алудың мүлдіктік карточкасы.

3. Жалға алынған (ұзақ мерзімді жалға алынған) негізгі құралдарды есепке алу карточкасы.

4. «Негізгі құралдардың амортизациясы ведомосі» өңдеу кестесі.

*Ұзақ мерзімді активтердің есебі келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады:*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан ұзақ мерзімді активтердің қозғалысы мен амортизациясы бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Қолда бар мәліметтер негізінде негізгі құралдарды есепке алудың мүліктік карточкаларын ашу (4-операция).

3. Келіп түскен және өткізілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қабылдап алу-беру актілерін рәсімдеу (4, 16, 21 операциялары)

4. Кәсіпорынның есеп саясатында бекітілген амортизация әдісін қолдана отырып, негізгі құралдардың тозуын есептеу.

5. Негізгі құралдардың амортизациясы ведомосін жасау.

*б-тапсырма.* Шоттар бойынша талдау-карточкаларын жасау:

- 2410 «Негізгі құралдар»,
- 2420 «Негізгі құралдар амортизациясы»,
- 2730 «Өзге де материалдық емес активтер».

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 13, 15, 17, 18*

#### ***4 тақырып. Дебиторлық және кредиторлық қарыздар есебі***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар қажет:

1. Аванстық есеп беру.
2. Шот-фактура.
3. Жүкқұжат.
4. Есеп айырысу ведомосі (кітабы).
5. Төлем ведомосі.

## 6. Жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелі.

*Дебиторлық және кредиторлық қарыздар есебі келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады:*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан сатып алушылармен, жабдықтаушылармен және өзге де дебиторлармен, кредиторлармен, сонымен қатар есеп беруге тиісті сомалар және еңбекке төлем бойынша жұмыскерлермен есеп айырысу бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Аванстық есепті жасау (12-операция).

3. Есепті күнге ұзақ мерзімді банктік қарыз бойынша қарыз қалдығын, оның ағымдағы бөлігін өтеу, негізгі қарызды және алынған несие үшін пайыздар сомаларын есептеу (19-операция).

4. Жабдықтаушыдан келіп түскен материалдарға жүккұжат және шот-фактураны рәсімдеу (9-операция).

5. Жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелін жасау (еңбек ақыны есептеу үшін мәліметтерді қараңыз).

6. Есептеу ведомосін жасау. Онда есептелген еңбек ақы сомаларын және уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыны, сонымен қатар еңбек ақыдан ұсталымдарды көрсету:

- міндетті зейнетақы жарналарын,
- жеке табыс салығын,
- алименттерді (26, 27- операциялар).

7. Төлем ведомосін рәсімдеу (37-операция).

8. Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар сомаларын есептеу (28, 29-операциялар).

9. Орын толтыруға ҚҚС сомасын және есепке алу сомасын ескере отырып, бюджетке төленуге тиісті ҚҚС сомасын есептеу.

10. Мүлікке және көлікке салықтар сомаларын есептеу (30-операция).

11. Шоттар бойынша талдау-карточкаларын жасау:

- 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі»,
- 1250 «Жұмыскерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі»,
- 1610 «Қысқа мерзімді берілген аванстар»,
- 3010 «Қысқа мерзімді банк қарыздары»,
- 3120 «Жеке табыс салығы»,
- 3130 «Қосылған құнға салық»,
- 3150 «Әлеуметтік салық»,
- 3170 «Көлік құралдарына салық»,
- 3180 «Мүлікке салық»,
- 3310 «Жабыдақтаушылар мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек»,
- 3220 «Зейнеттік аударымдар бойынша міндеттемелер»,
- 3380 «Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар»,
- 4010 «Ұзақ мерзімді банк қарыздары».

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 15, 17, 18*

### ***5 тақырып. Өндірістік шығындар есебі және өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын есептеу***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар қажет:

1. Талап.
2. Қорларды ішкі орын ауыстыруға жүкқұжат

*Өндірістік шығындар есебі және өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын есептеу келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады:*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан өндірістік шығындар есебі бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Материалдарды өндіріске жіберуге талапты рәсімдеу (13-операция).

3. Қорларды ішкі орын ауыстыруға жүкқұжатты рәсімдеу (5-операция).

4. Кәсіпорынның есеп саясатында бекітілген қорларды бағалау әдісін қолдана отырып, өндірілген өнімнің өзіндік құнын есептеу (31-операция).

5. Шоттар бойынша талдау-карточкаларын жасау:

- 1320 «Дайын өнім»,
- 1340 «Аяқталмаған өндіріс»,
- 8110 «Негізгі өндіріс»,
- 8410 «Үстеме шығыстар».

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 17, 18*

### ***6 тақырып. Кірістер мен шығыстар есебі. Қаржылық нәтижелерді анықтау тәртібі***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар қажет:

1. Шо-фактура.
2. Жүкқұжат.
3. Барлық алдыңғы тақырыптар бойынша шоттардың талдау-карточкалары.
4. Айналым-сальдолық ведомость.

*Кірістер мен шығыстар есебі. Қаржылық нәтижелерді анықтау тәртібі келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады.*

1. Қаңтар айына «Шолпан» ЖШС-ң шаруашылық операцияларды тіркеу журналынан кірістер мен шығыстар есебі бойынша операцияларды теру. Берілген операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

2. Сатып алушыға тиелген дайын өнімге шот-фактураны және жүкқұжатты жазу (34-операция).

3. Кірістер есебінің шоттарын қорытынды кірісті ұлғайтуға есептен шығару жолымен жабу және кірістер шоттары бойынша талдау-карточкаларында көрсету (42-операция).

4. Шығыстар есебінің шоттарын қорытынды кірісті азайтуға есептен шығару жолымен жабу және шығыстар шоттары бойынша талдау-карточкаларында көрсету (42-операция).

5. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық әрекетінің нәтижесін 5610 «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотын талдау карточкасы бойынша анықтау және айналым-сальдолық ведомосін жасау (42-операция).

6. Корпоративті табыс салығы (КТС) сомасын есептеу. КТС бойынша шығыстарды 7710 «КТС бойынша шығыстар» шоты бойынша бухгалтерлік кіріс салық салынатын табысқа тең, яғни уақыттық және тұрақты айырмашылықтар жоқ деп болжап, талдау-карточкасында анықтау (43-операция).

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 16, 17, 18*

### ***7 тақырып. Қаржылық есептілік***

Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау үшін келесідей құжаттар мен есептілік нысандары қажет:

1. Бас кітап.
2. Бухгалтерлік баланс.
3. Пайдалар мен залалдар туралы есеп.
4. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
5. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.

*Қаржылық есептілік келесі әрекеттердің орындалуын қарастырады:*

1. Талдау-карточкаларын және Айналым-сальдолық ведомость мәліметтерін қолдана отырып, Бас кітапқа

шоттар бойынша бастапқы қалдықтарды және айналымдарды енгізу.

2. Бас кітапта есептік кезең соңына қалдықтарды анықтау.

3. Бухгалтерлік баланс құру.

4. Пайдалар мен залалдар туралы есепті құру.

5. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті құру.

6. Капиталдағы өзгерістер туралы есепті құру.

7. Жасалған қаржылық есептілік нысандары бойынша есептік кезеңге кәсіпорын әрекетінің нәтижелері туралы қорытынды жасау.

*Ұсынылатын әдебиет: 1, 4, 6, 7, 8, 9, 13, 16, 17, 18*

### **3 Тәжірибе қорытындысын шығару**

Оқу тәжірибесінің нәтижелері бойынша студент бағдарламаға сәйкес және әрбір тақырыпты зерттеу шегінде есеп жасап, тапсыруы керек. Есеп тәжірибе уақытында студент әрекетін сипаттайтын негізгі құжат болып табылады.

Есеп құрылымы:

- бастапқы бет;

- күнтізбелік-тақырыптық жоспар;

- есеп мазмұны;

- кіріспе;

- негізгі бөлігі, онда бағдарлама тақырыбы бойынша сұрақтар жазылады;

- қорытынды;

- қолданылған әдебиеттер тізімі.

Оқу тәжірибесінің есебінде тәжірибе өту нәтижелері бойынша студенттің қорытындылары мен ұсыныстары, барлық толтырылған құжаттар мен есеп тіркемелері, тіркеу журналы, шешілген тапсырмалар көрсетілу керек. Оқу

тәжірибесі бойынша есеппен бірге студент келесілерді тапсыру керек:

- оқу тәжірибесін өту туралы күнделікті (күнде толтырылады, студент жүзеге асыратын барлық әрекеттер енгізіледі);

- жетекшімен бекітілген және деканаттың мөрімен расталған тәжірибенің күнтізбелік-тақырыптық жоспарын (тәжірибе жетекшісімен бірге жасалады).

Кафедра меңгерушісі есептік құжатты кафедраға тапсыру мерзімін тағайындайды және тәжірибе бойынша есепті қорғау кестесін бекітеді. Есепті кафедра меңгерушісімен тағайындалған комиссия алдында қорғау керек. Есепті қорғау кезінде студенттерге құжаттарды толтыру, әртүрлі жағдайларды шешу, бухгалтерлік есептілікті реттеу, шоттар корреспонденциясы бойынша сұрақтар қойылады.

Тәжірибе нәтижелері есеп мазмұны, кафедрадан тағайындалған жетекшінің пікірі және есепті қорғау негізінде сараланып, төрт балдық жүйе бойынша бағаланады. Есеп пен бағаларды бекіту кафедра отырысында жүзеге асырылады, қорытынды конференцияны өткізу күні тағайындалады және конференция қатысушыларының құрамы анықталады.

#### **4 Ұсынылатын әдебиет**

1. Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. № 234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы.

2. Салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). 10.12. 2008 ж. № 99-IV ҚР кодексі.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 23 қараша 2015 жылғы № 414-V ҚР кодексі.

4. Бастапқы есептік құжаттар нысанын бекіту туралы. 20.12.2012 ж. №562 ҚР Қаржы министрі бұйрығы.

5. ҰҚЕС бекіту туралы. 31 қараша 2013 жылғы №50 ҚР Қаржы министрі бұйрығы.



6. Бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспарын бекіту туралы. 23 мамыр 2007 жылғы N 185 ҚР Қаржы министрі бұйрығы.

7. Кулик В. Б. Бухгалтерский учет от первичного документа до отчетности: учеб. пособие. - Алматы: LEM, 2015.

8. Проскурина В.П. Учет деятельности индивидуальных предпринимателей и ТОО ПО НСФО: практ. пособие. - Изд. 5-е, перераб. и доп. - Алматы : LEM, 2015. - 195 с.

9. Султанова Б. Б. Принципы бухгалтерского учета [Электронный ресурс]: практикум / Б. Б. Султанова. - Алматы : NURPRESS, 2015.

10. Тайгашинова К.Т. Теория и методология учета затрат и калькуляция продукции, работ и услуг: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2014. – 137с.

11. Бекболсынова А. Налоги и налогообложение: учебное пособие, 2-е изд. перераб. и доп.- Астана: Фолиант, 2014. – 544с.

12. Кабылова Н. К. Бухгалтер (основы бухгалтерского учета):учебник/Н.К.Кабылова,Ш.Абайхан, Д.А.Абайханова. - 4-е изд. - Астана : Фолиант , 2014. - 262 с.

13. Назарова В.Л. Бухгалтерский учет в отраслях: Учебник.- Алматы: Экономика, 2014. – 426с.

14. Торшаева Ш.М. Основы бухгалтерского учета: учебник. – Караганды, 2014. – 213с.

15. Толпаков Ж. С. Финансовый учет-1: учебник. Т.1. - Караганда: Карагандинская Полиграфия, 2013. - 507 с.

16. Толпаков Ж. С. Финансовыйучет-1: учебник. Т.2. - Караганда: Карагандинская Полиграфия, 2013. - 407 с.

17. Жакупов Г.С. Принципы бухгалтерского учета - 2: учебное пособие. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. – 262 с.

18. Радостовец В.К. и др. Бухгалтерский учет на предприятии.- Алматы: Центраудит–Казахстан, 2007.

**Тапсырманы орындауға арналған мәліметтер**

***Кәсіпорын туралы деректер:***

«Шолпан» ЖШС әрекетінің негізгі түрі – тігін өндірісі.  
Серіктестік 18 қараша 2014 жылы қалыптасқан.

«Шолпан» ЖШС құрылтайшылары болып 2 жеке тұлға табылады. Кәсіпорынның заңды мекенжайы:

Қарағанды қаласы, индексі: 100009,  
Ермеков көшесі, 34/2.

ЖШС-ң Қарағанды қаласының «Казкоммерцбанк» АҚ-  
да есеп айырысу шоты бар - ЖСК KZ004000552396093267.

"Казкоммерцбанк" АҚ реквизиттері:

БСН 911040000021

БСК KZKOKZKX

01.01. кәсіпорынның бас кітабында келесі шоттар бойынша қалдықтар болған:

1010 – 150 000 теңге;

1030 – 3 804 000 теңге;

1310 – 737 000 теңге;

2410 – 5 546 834 теңге;

5030 – 6 000 000 теңге;

3310 – 281 000 теңге;

5520 – 456 834 теңге;

4010 – 3 500 000 теңге.

*1310 «Қорлар» шоты бойынша таратып жазу:*

- бояу-эмаль жылтыр 10 банка 700 теңгеден,

- астарлық мата 100 метр 800 теңгеден,

- сұр костюмдік мата 150 метр 2 000 теңгеден,

- қара костюмдік мата 150 метр 2 200 теңгеден,

- фурнитура (замок, түймелер және басқалары) 20 000

теңге.

*Барлық материалдар: 737 000 теңге*

2410 «Негізгі құралдар» шоты бойынша таратып жазу:

20 желтоқсан 2014 жылы сатып алынған

- өндіріс ғимаратының (цехтің) бастапқы құны 4,2 млн. теңге, пайдалы қызмет ету мерзімі 40 жыл, жою құны 20 000 теңге;

- Lada Приора көлік құралы, қозғағыш көлемі 1800 куб см., пайдалы қызмет ету мерзімі 5 жыл, бастапқы құны 1600000 теңге, жою құны 40 000 теңге;

- компьютерлер 2 дана, әрбіреуінің бастапқы құны - 120 000 теңге, пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жыл, жою құны 5 000 теңге.

3310 «Жабдықтаушылар мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шоты бойынша таратып жазу:

- Жабдықтаушы «Идеал» ЖШС - 281 000 теңге.

4010 «Ұзақ мерзімді банктік қарыздар» шоты бойынша таратып жазу:

- алдыңғы жылдың 15 желтоқсанында 5 жыл мерзімге, жылына 20%-бен банк несиесі алынған.

*Есеп саясатында белгіленген*

1) ұзақ мерзімді активтердің тозуын есептеу әдісі - түзу сызықты;

2) өзіндік құнды есептеу үшін арнайы сәйкестендіру әдісі бойынша қорларды бағалау;

3) тәуліктік мөлшер – 2 АЕК есебінен.

***Еңбек ақыны есептеу үшін мәліметтер***

Кәсіпорында 6 күндік жұмыс аптасы бекітілген.

20 \_\_ жылғы қаңтардағы жұмыс күндерінің саны - \_\_ күндер.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің құрамы:

1. Ахметов А.А.- директор, айлығы 150 000 теңге.
2. Калиева Г.Т.- бас бухгалтер, айлығы 120000 теңге.
3. Кадыров А.Б. - қоймашы, айлығы 100 000 теңге.

Кадыров А.Б. қаңтарда 19 күн жұмыс істеген. 4 күн 19.01 – 22.01 аралығында ауырғанына байланысты болмаған. Ол еңбекке жарамсыздық парағын көрсеткен. Ауырған күндерін ескере отырып, еңбек ақы сомасын есептеу керек.

Ауырған күндерге соманы есептеу үшін мәліметтер:

- А.Б.Кадыровтың алдыңғы 12 айға еңбек ақысы - 856 000 теңге;

- алдыңғы жылға жұмыс күндерінің орташа саны - 247.

4. Бектасова Г.Ж.- тігінші, кесімді төлем, 4-разряд, қаңтарда 20 костюм тікті \* 1 костюмге 6000 теңге. Қосымша 20 000 теңге қосымша ақымен цех шебері болып жұмыс істейді.

5. Орлова З.О. - тігінші, кесімді төлем, 3-разряд, қаңтарда 20 костюм тікті \* 1 данаға 5000 теңге.

6. Аманова М.Б.- тігінші, кесімді төлем, 3-разряд, қаңтарда 20 костюм тікті \* 1 костюмге 5000 теңге.

7. Садыкова Г.А. - тігінші, кесімді төлем, 3-разряд, қаңтарда 20 костюм тікті \* 1 данаға 5000 теңге.

8. Пан М.Е. – пішуші, мерзімдік төлем. 20 сағ. жұмыс істеген. Тарифтік мөлшерлеме 1200 тг.

10. Сабыр А.К. - экспедитор, жұмыс істейтін зейнеткер, айлығы 80 000 тг. Сабыр А.К. еңбек ақысы кәсіпорын кассасынан төленеді, өйткені оның банктік карт-шоты дайындалмаған.

***1 бұйымға (костюмге) тікелей шығыстар нормалары:***

1. Костюм матасы – 3 м.
2. Астарлық мата – 2м.
3. Фурнитура – 500 теңге.
4. Тігінші еңбек ақысы  
- 4-разряд – 6000 теңге,

- 3-разряд – 5000 теңге.

Жеке табыс салығы, қосылған құнға салық, корпоративті табыс салығы және әлеуметтік салық ұсталымдарын Қазақстан Республикасының Салық Кодексімен есептік кезеңге бекітілген мөлшерлемелер бойынша жасау.

**Шаруашылық операцияларды тіркеу журналы**  
20\_\_ жылдың қаңтарына

№ р/н	Операцияны жасау күні және мазмұны	Дт	Кт	Сома
1.	05.01. Есеп айырысу шотынан аударылды: - «Идеал» ЖШС-ға 27-келісім-шарт бойынша, оның ішінде ҚҚС - ? - «Ақжан» АҚ тоқыма комбинатына аванс 34-ші келісім-шарт бойынша «Ақжан» АҚ банкінің реквизиттері: «Цеснабанк» АҚ Кбе 017 БСК TSESKZKA БСН 070540027831 ЖСК KZ001457683902770388			281000
2.	05.01. «Альфа» АҚ-нан тігін жабдығы сатып алынды - ҚҚС-сыз құны - ҚҚС 12% Пайдалы қызмет ету мерзімі 5 жыл. Жою құны 10 000 теңге.			250000 ?
3.	05.01. «Электромонтаж» ӨК фирмасымен тігін жабдығын қондыру, монтаждау және қосу жүзеге асырылды:			

	Акт бойынша орындалған жұмыстардың құны, оның ішінде ҚҚС - ?			11 800
4.	05.01. Тігін жабдығы қолданысқа енгізілді. № 1 ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу-беру актісі және мүліктік карточка рәсімделген			?
5.	05.01. Талап бойынша қоймадан цехқа материалдар жіберілді: - астарлық мата 100 м., - сұр костюм матасы 150 м., - қара костюм матасы 150 м., - фурнитура			? ? ? 15 000
6.	06.01. Кассаға есеп айырысу шотынан шаруашылық мұқтаждықтарға ақша қаражаттары келіп түсті			500000
7.	06.01. «Білім» ЖШС Оқу орталығымен 6 айға операциялық жал бойынша келісім-шарт рәсімделді. Кеңсе жалға алынды. Айына жалдық төлем, оның ішінде ҚҚС - ? Келісім шартқа сәйкес жалдық төлем аванс түрінде 3 айға төленуі керек.			60 000
8.	11.01.Есеп айырысу шотынан сомалар аударылды: - «Альфа» АҚ-ға - «Электромонтаж» ӨК-ге - «Білім» ЖШС жалдық төлемі			? ? ?
9.	12.01. 34-ші келісім-шарт бойынша жабдықтаушының - «Ақжан» АҚ тоқыма комбинатының шоты акцептіленді			

	(төлемге қабылданды): - сұр кост. матасы 100 м. * 2100 тг., - қара кост. матасы 100 м. * 2400 тг., - астарлық мата 100 м. * 900 тг. - НДС 12% А.А.Ахметоваға жабдықтаушыдан материалдар алу үшін сенімхат жазылды. Келіп түскен материалдар қоймашы А.Б. Кадыровпен қоймаға кіріске алынды.			?
10.	13.01. Фурнитура сатып алу үшін А.Б.Кадыров есебіне кассадан 1 шығыс кассалық ордер бойынша берілді			20 000
11.	13.01. Кадыров А.Б. тауарлық чек бойынша фурнитура сатып алды, оның ішінде ҚҚС - ?			16 800
12.	14.01. Есеп беруге тиісті сомалардың қалдығын А.Б. Кадыров кассаға қайтарды. Ол №1 аванстық есебін тапсырды.			?
13.	14.01. Материалдар қоймадан цехқа берілді: - сұр кост. матасы 90 м. * 2100 тг., - қара кост. матасы 90 м. * 2400 тг., - астарлық мата 80 м. * 900 тг. - фурнитура			?
				?
				30 000
14.	15.01. «Каримов Б. С.» ЖК-дан сатып алынды - Samsung көпфункционалы жабдығы (көшірме + сканер + басып шығару), ҚҚС-сыз - «1С: Бухгалтерия» бағдарламасы, ҚҚС-сыз - бағдарламаны пайдалану			46 000
				35 000

	құқығына куәлік, ҚҚС-сыз			5 000
15.	15.01. «Каримов Б.С.» ЖК-ға қолма қол ақшамен кассадан төленді: - КФЖ Samsung үшін - «ІС:Бухгалтерия» бағдарламасы - бағдарламаны пайдалану құқығына куәлікке - жеткізуге - КФЖ және бағдарламаны қондыруға			46 000 30 000 5 000 1 000 4 000
16.	15.01. Ұзақ мерзімді активтер құрамына кіріске алынды: - КФЖ Samsung - «ІС:Бухгалтерия» бағдарламасы			? ?
17.	18.01. Кассадан директор А.А.Ахметовқа 19.01-ден 20.01 қоса Астана қаласына іс-сапарлық шығындарға ақша берілді. Бару мақсаты – сатып алушымен келісім-шарт жасау.			30 000
18.	19.01. Есеп айырысу шотынан «Ақжан» АҚ тоқыма комбинатына ақша аударылды (9-операцияны қараңыз)			?
19.	20.01. Ұзақ мерзімді несиенің ағымдағы бөлігі бөлінді. Несие бойынша пайыздар есептелді			? ?
20.	21.01. Директор А.А.Ахметовпен қызметтік іс-сапар бойынша аванстық есеп тапсырылды (17-операцияны қараңыз). Аванстық есепте көрсетілген: - екі жаққа жол жүру билеттері бойынша жолға шығындар			4 000



	- 1 түнге қонақ үй шоты бойынша бөлмені жалдауға шығындар - тәулік ақылар Қолданылмаған сома директормен кассаға қайтарылды			7 000 ? ?
21.	22.01. Көлік құралы өткізілді (LADA Приора автомобилі) - келісім-шарт құны - баланстық құны - жинақталған тозу сомасы			1200000 ? ?
22.	23.01. Цех бойынша коммуналдық қызмет үшін шығындар есептелді: - жылу, оның ішінде ҚҚС - электр энергиясы, ҚҚС - сумен жабдықтау, ішінде ҚҚС			15 800 10 200 3 360
23.	25.01. Есеп айырысу шотынан коммуналдық төлемдер аударылды			?
24.	26.01. Негізгі құралдардың амортизациясы есептелді - өндірістік ғимарат - көлік құралдары			? ?
25.	26.01. Негізгі өндіріс шығындарына үстеме шығындар есептен шығарылды			?
26.	27.01. Қаңтарға еңбек ақы есептелді: - өндірістік жұмысшыларға - цехтік жұмыскерлерге - әкімшілік-басқару қызметкерлеріне			? ? ?
28.	27.01. Әлеуметтік салық есептелді: - өндірістік жұмысшыларға - цехтік жұмыскерлерге - әкімшілік-басқару			? ? ?

	қызметкерлеріне			?
27.	27.01. Еңбек ақыдан ұсталымдар жасалды - ЖТС - зейнеттік аударымдар - алименттер Кадыров А.Б. - 25%			? ? ?
29.	27.01.Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер есептелді: - өндірістік жұмысшыларға - цехтік жұмыскерлерге - әкімшілік-басқару қызметкерлеріне			? ? ?
30.	27.01. Салықтар есептелді: - мүлікке - көлікке			? ?
31	28.01. Нақты өзіндік құны бойынша 80 костюм өндірістен шығарылып, қоймаға тапсырылды			?
32.	28.01. Еңбек ақы жұмыскерлердің карт-шоттарына аударылды (А.К.Сабырдан басқа)			?
33.	28.01. Ағымдағы банктік шоттан аударылды: - ЖТС - әлеуметтік салық - мүлікке салық - көлік салығы - зейнеттік аударымдар - әлеуметтік аударымдар			? ? ? ? ? ?
34.	29.01. 70% үстеме ақымен 80 костюм 10.12.-дағы 29-келісім-шарт бойынша «Стиль» СҮ-ге өткізілді.			?

	Шотқа ҚҚС қосылды – 12%. Жүкқұжат пен шот-фактура жазылды. Өнімді жіберу сол күні болды.			
35.	29.01. Қоймадан жеке тұлға И.П.Ващенкоға бояу-эмаль 5 банка банкісі 1200 теңгеден сатылды. Есеп айырысу қолма қол тәртіпте болды.			
36.	29.01. Өткізілген - дайын өнімнің (костюмдердің) - бояу – эмальдың өзіндік құны есептен шығарылды			? ?
37.	30.01. Кассадан А.К. Сабырға еңбек ақы берілді.			?
38.	30.01. Кеңселік жабдықтар есептен шығарылды			2500
39.	30.01. Тиелген өнім үшін «Стиль» сауда үйінен төлем келіп түсті.			?
40.	30.01. Есептік айда бюджетке төленуі тиісті ҚҚС сомасы анықталады: - орны толтыруға тиісті ҚҚС есепке алынды - ҚҚС сомасы аударылды			? ?
41.	30.01. Ай соңына аяқталмаған өндіріс сомасы анықталды			?
42.	30.01. Кірістер мен шығыстар шоттарының жабылуы, қаңтарға әрекеттің қаржылық нәтижесін анықтау. Қорытынды кіріс (қорытынды залал) шотына есептен шығарылады: - өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден кірістер			?

	- активтердің шығуынан кірістер - өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны - әкімшілік шығыстар - сыйақылар бойынша шығыстар - өзге де кірістер мен шығыстар			?
43.	КТС есептелді және аударылды			?

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары

**1-бөлім. Қысқа мерзімді активтер**

**1000 Ақша қаражаттары**

- 1010 Кассадағы ақша қаражаты
- 1020 Жолдағы ақша қаражаты
- 1030 Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты
- 1040 Қарт-шоттардағы ақша қаражаты
- 1050 Жинақ шоттарындағы қаражаты
- 1060 Өзге ақша қаражаты

**1100 Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар**

- 1110 Қысқа мерзімді берілген қарыздар
- 1120 Саудаға арналған қысқа мерзімді қаржылық активтер
- 1130 Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
- 1140 Сатуға арналған қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
- 1150 Өзге қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар

**1200 Қысқа мерзімді дебиторлық берешек**

- 1210 Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1220 Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1230 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1240 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1250 Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1260 Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1270 Алуға арналған қысқа мерзімді сыйақылар
- 1280 Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1290 Күмәнді талаптар бойынша резерв

**1300 Қорлар**

- 1310 Шикізат және материалдар
- 1320 Дайын өнім
- 1330 Тауарлар
- 1340 Аяқталмаған өндіріс
- 1350 Өзге қорлар
- 1360 Қорларды есептен шығару бойынша резерв

**1400 Ағымдағы салықтық активтер**

- 1410 Корпорациялық табыс салығы
- 1420 Қосылған құн салығы
- 1430 Өзге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

**1500 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер**

- 1510 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
- 1520 Сатуға арналған істен шығатын топ
- 1600 Өзге қысқа мерзімді активтер
- 1610 Берілген қысқа мерзімді аванстар
- 1620 Алдағы кезеңдердің шығыстары
- 1630 Өзге қысқа мерзімді активтер

**2-бөлім. Ұзақ мерзімді активтер**

**2000 Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар**

- 2010 Ұзақ мерзімді берілген қарыздар
- 2020 Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
- 2030 Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2040 Өзге ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар

**2100 Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек**

- 2110 Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі
- 2120 Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2130 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2140 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2150 Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2160 Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- 2170 Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
- 2180 Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек

**2200 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар**

- 2210 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар

**2300 Жылжымайтын мүлікке инвестициялар**

- 2310 Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
- 2320 Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы
- 2330 Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан шығын

**2400 Негізгі құралдар**

- 2410 Негізгі құралдар  
2420 Негізгі құралдардың амортизациясы  
2430 Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын шығындар
- 2500 Биологиялық активтер**  
2510 Өсімдіктер  
2520 Жануарлар
- 2600 Барлау және бағалау активтері**  
2610 Барлау және бағалау активтері  
2620 Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы  
2630 Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын шығындар
- 2700 Материалдық емес активтер**  
2710 Гудвилл  
2720 Гудвиллдің құнсыздануы  
2730 Өзге материалдық емес активтер  
2740 Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы  
2750 Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын шығындар
- 2800 Кейінге қалдырылған салықтық активтер**  
2810 Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер
- 2900 Өзге ұзақ мерзімді активтер**  
2910 Берілген ұзақ мерзімді аванстар  
2920 Алдағы кезеңдердің шығыстары  
2930 Аяқталмаған құрылыс  
2940 Өзге ұзақ мерзімді активтер
- 3-бөлім. Қысқа мерзімді міндеттемелер**
- 3000 Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер**  
3010 Қысқа мерзімді банктік қарыздар  
3020 Уәкілетті органның және (немесе) Ұлттық Банктің лицензиясыз банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан алынатын қысқа мерзімді қарыздар  
3030 Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек  
3040 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі  
3050 Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
- 3100 Салықтар бойынша міндеттемелер**  
3110 Төлеуге тиісті корпорациялық табыс салығы

- 3120 Жеке табыс салығы
- 3130 Қосылған құн салығы
- 3140 Акциздер
- 3150 Әлеуметтік салық
- 3160 Жер салығы
- 3170 Көлік құралдары салығы
- 3180 Мүлік салығы
- 3190 Өзге салықтар
- 3200 Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер**
- 3210 Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
- 3220 Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
- 3230 Басқа да міндетті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
- 3240 Басқа да еркін төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
- 3300 Қысқа мерзімді кредиторлық берешек**
- 3310 Берушілер мен мердігерлерге берілетін қысқа мерзімді берешек
- 3320 Еншілес ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3330 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3340 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3350 Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3360 Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3370 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі
- 3380 Төлеуге арналған қысқа мерзімді сыйақылар
- 3390 Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3400 Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері**
- 3410 Қысқа мерзімді кепілгерлік міндеттемелер
- 3420 Заңды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
- 3430 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3440 Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3500 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер**
- 3510 Алынған қысқа мерзімді аванстар
- 3520 Алдағы кезендердің кірістері
- 3530 Сатуға арналған істен шығатын топтың міндеттемелері



3540 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер

**4-бөлім. Ұзақ мерзімді міндеттемелер**

**4000 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер**

4010 Ұзақ мерзімді банктік қарыздар

4020 Уәкілетті органның және (немесе) Ұлттық Банктің

лицензиясыз банктік операцияларды жүзеге асыратын

ұйымдардан алынатын ұзақ мерзімді қарыздар

4030 Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер

**4100 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек**

4110 Берушілер мен мердігерлерге берілетін ұзақ мерзімді берешек

4120 Еншілес ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

4130 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

4140 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

4150 Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек

4160 Төлеуге арналған ұзақ мерзімді сыйақылар

4170 Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

**4200 Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері**

4210 Ұзақ мерзімді кепілгерлік міндеттемелер

4220 Заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері

4230 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері

4240 Өзге ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері

**4300 Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер**

4310 Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері

**4400 Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер**

4410 Алынған ұзақ мерзімді аванстар

4420 Алдағы кезеңдердің кірістері

4430 Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер

**5-бөлім. Капитал мен резервтер**

**5000 Жарғылық капитал**

5010 Артықшылықты акциялар

5020 Қарапайым акциялар

5030 Салымдар мен пай

- 5100 Төленбеген капитал**
  - 5110 Төленбеген капитал
  - 5200 Сатып алынған меншікті үлес құралдары**
  - 5210 Сатып алынған меншікті үлес құралдары
  - 5300 Эмиссиялық кіріс**
  - 5310 Эмиссиялық кіріс
  - 5400 Резервтер**
  - 5410 Құрылтайшы құжаттармен белгіленген резервтік капитал
  - 5420 Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв
  - 5430 Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв
  - 5440 Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
  - 5450 Шетел қызметі бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв
  - 5460 Өзге резервтер
  - 5500 Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)**
  - 5510 Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
  - 5520 Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
  - 5600 Қорытынды пайда (қорытынды залал)**
  - 5610 Қорытынды пайда (қорытынды залал)
- 6-бөлім. Кірістер**
- 6000 Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс**
  - 6010 Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс
  - 6020 Сатылған өнімді қайтару
  - 6030 Бағадан және сатудан жеңілдіктер
  - 6100 Қаржыландырудан түскен кірістер**
  - 6110 Сыйақылар бойынша кірістер
  - 6120 Дивидендтер бойынша кірістер
  - 6130 Қаржылық жалдаудан түскен кірістер
  - 6140 Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен болатын операциялардан түскен кірістер
  - 6150 Қаржылық аспаптардың әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер
  - 6160 Қаржыландырудан түскен өзге кірістер
  - 6200 Өзге кірістер**
  - 6210 Активтерді істен шығарудан түскен кірістер

- 6220 Өтеусіз алынған активтерден алынған кірістер
- 6230 Мемлекеттік субсидиялардан түскен кірістер
- 6240 Құнсызданудан шығындарды қалпына келтіруден түскен кірістер
- 6250 Бағам айырмасынан түскен кірістер
- 6260 Операциялық жалдаудан түскен кірістер
- 6270 Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер
- 6280 Өзге кірістер

**6300 Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер**

- 6310 Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер

**6400 Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымның пайда үлесі**

- 6410 Қауымдастырылған ұйымдардың пайда үлесі

- 6420 Бірлескен ұйымдардың пайда үлесі

**7-бөлім. Шығыстар**

**7000 Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны**

- 7010 Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

**7100 Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар**

- 7110 Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар

**7200 Әкімшілік шығыстар**

- 7210 Әкімшілік шығыстар

**7300 Қаржыландыруға шығыстар**

- 7310 Сыйақылар бойынша шығыстар

- 7320 Қаржылық жалдау бойынша пайыз төлеуге шығатын шығыстар

- 7330 Қаржылық аспаптардың әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар

- 7340 Қаржыландыруға өзге шығыстар

**7400 Өзге шығыстар**

- 7410 Активтердің істен шығуы бойынша шығыстар

- 7420 Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар

- 7430 Бағам айырмасы бойынша шығыстар

- 7440 Резерв құру және үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша шығыстар

- 7450 Операциялық жалдау бойынша шығыстар

- 7460 Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар
- 7470 Өзге шығыстар
- 7500 Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар**
- 7510 Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
- 7600 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұйымның шығын үлесі**
- 7610 Қауымдастырылған ұйымдардың шығын үлесі
- 7620 Бірлескен ұйымдардың шығын үлесі
- 7700 Корпорациялық табыс салығы бойынша шығыстар**
- 7710 Корпорациялық табыс салығы бойынша шығыстар
- 8-бөлім. Өндірістік есептің шоттары**
- 8100 Негізгі өндіріс**
- 8110 Негізгі өндіріс
- 8200 Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар**
- 8210 Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар
- 8300 Көмекші өндірістер**
- 8310 Көмекші өндірістер
- 8400 Үстеме шығыстары**
- 8410 Үстеме шығыстары

Бағдарлама бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының отырысында қарастырылған және бекітілген хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

Кафедра меңгерушісі

Сыздыкова Э.Ж.

Бағдарлама экономика факультетінің әдістемелік комиссия отырысында қарастырылған және бекітілген хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

Экономика факультетінің әдістемелік комиссия

Ақбаев Е.Т.

Бағдарлама академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-н Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің отырысында қарастырылған және бекітілген хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

